

## 2009 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Исатай ауданы әкімінің 2009 жылғы 27 сәуірдегі N 60 қаулысы. Исатай аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 5 маусымда N 4-4-136 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай аудандық әкімшілігінің 2010 жылғы 31 наурыздағы № 38 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай аудандық әкімшілігінің 31.03.2010 № 38 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 74-III "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 18,23 44-баптарына сәйкес және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабын, облыстық әкімшіліктің 2009 жылғы 2 сәуірдегі N 16 қаулысын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауданның шақыру күніне дейін 18 жасқа толатын 1991 жылы туған және әскери қызметке шақырылуын кейінге қалдыру құқығы жоқ, шақырылу күніне дейін 27 жасқа толмаған 1982-1991 жылы аралығында туған азаматтар 2009 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында әскери қызметке шақырылсын.

2. Жастарды әскери қызметке шақыру комиссиясы құрылсын (1 - қосымша).

3. Комиссия құрамына әскер қатарына шақырылушылардың тұрмыстық-денсаулық жағдайына толық талдау жасау ұсынылсын.

4. Селолық округ әкімдеріне:

1) азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліммен бірге ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін;

2) әскерге шақырылушыларды тұрғылықты орнынан аудандық шақыру пунктіне дейін және облыстық жинақтаушы пункттен кері қарай - тұрғылықты жерден қызмет орнына дейін, сонымен бірге қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің жолдамасы мен медицина мекемелерінде қосымша тексеруден өткізіп әкелуді қамтамасыз етсін;

3) Тұщықұдық, Исатай, Забурын, Новобогат, Жанбай, Нарын селолық округіндегі әскерге шақыртушыларды 6-шы сәуір мен 12 тамыздан бастап алдын ала медициналық байқауға және аудандық медициналық комиссиясына жеке

автокөлікпен тасымалдауды ұйымдастырсын.

5. Аудандық емхана әкімшілігіне (М.Жамалова - келісім бойынша):

1) аудандық дәрігерлік комиссия құрамына тиісті дайындығы бар, тәжірибелі маман дәрігерлер мен орта білімді медицина қызметкерлерін бөлу (2-қосымша);

2) әскерге шақырушылардың комиссияға келген күнінен бастап қанының тобын, резус-факторын, жұқтырылған қорғаныс тапшылығы белгісі вирусын анықтау, кеуде органдарын рентгенологиялық (флюорографиялық) зерттеу, электрокардиограмма, бруцеллезге қарсы тексеру жөніндегі жұмыстарға бақылау ж а с а у ;

3) Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 74-III "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 21 бабына сәйкес анализдер тапсырту, және флюорографиядан, медициналық байқаудан өткізу жұмыстарын жүргізу ұсынылсын (3,4-қосымша).

6. Ауданның мекемелері мен кәсіпорындар басшыларына (келісім бойынша) 2009 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімге техникалық қызметкерлер бөлу ұсынылсын.

7. Әскер қатарына шақырылушы жастарды облыстық медициналық байқау комиссиясына, командаларға белгіленген шақырушыларды облыстық жиын пунктіне тасымалдау үшін аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне (Ж. Қойшыбаев – келісім бойынша) жеке көлік иелерімен шарт жасасу ұсынылсын.

8. Аудандық қаржы бөліміне (Е. Алмағанбетов) 2009 жылға бекітілген бюджетке сәйкес азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруға байланысты шығындарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

9. Аудандық ішкі істер бөліміне (С. Жапақов - келісім бойынша):

1) азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру кезінде қорғаныс істері жөніндегі бөліммен бірге шақыру пункттерінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қ а м т а м а с ы з е т у ;

2) белгіленген мерзімде әскерге шақыру комиссиясына келмеген адамдарды жедел іздестіру, сонымен бірге әскери қызметтен бой тасалау әрекеттеріне тосқауыл қойып, қорғаныс істері жөніндегі бөлімге жеткізу;

3) командаларды көлікке отырғызып, жүргізіп жіберу, сонымен бірге шақырушылар колоннасын (шақырушылар санына қарамастан) жол полициясының қатысымен жүргізу ұсынылсын.

10. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Өтеғалиевке жүктелсін.

11. Қаулы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*3. Сүйнешов*

Аудандық қорғаныс істері  
жөніндегі бөлімінің бастығы:

\_\_\_\_\_ Ж. Қойшыбаев  
26.04.2009 ж.

К е л і с і л д і :  
Аудандық ішкі істер  
бөлімінің бастығы:

\_\_\_\_\_ С. Жапақов 26.04.2009 ж.

Аудандық емхананың  
бас дәрігері:

\_\_\_\_\_ М. Жамалова  
26.04.2009ж.

"Жайықмұнай" Мұнайгаз өндіру  
басқармасының бастығы

\_\_\_\_\_ О. Сарбөпеев

А у д а н д ы қ            ә к і м и я т т ы ң  
2 0 0 9            ж ы л ғ ы            2 7

с ә у і р д е г і            N            6 0

қаулысына 1-қосымша

Жастарды әскер қатарына шақыру комиссиясының құрамы:

1. Қойшыбаев Жандарбек - аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім Бисенбайұлы бастығы, комиссия төрағасы; (келісім бойынша)
2. Жанарыстанов Ғаллем - аудан әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық бөлімінің меңгерушісі, комиссия төрағасының орынбасары;
3. Дюсешова Гулсара - Аудандық емхана емшібикесі - комиссия Жаңбырбайқызы хатшысы; (келісім бойынша)

Комиссия мүшелері:

4. Бижанова Роза - Аудандық емхана аға дәрігері; Сембіқызы (келісім бойынша)
5. Хисметуллин Ақан - аудандық ішкі істер бөлімі бастығының Ғалламұлы орынбасары; (келісім бойынша)

А у д а н д ы қ            ә к і м и я т т ы ң  
2 0 0 9            ж ы л ғ ы            2 7

с ә у і р д е г і            N            6 0

қаулысына 2-қосымша

**Әскерге шақырылушыларды медициналық сараптаудан өткізетін  
аудандық дәрігерлік комиссия құрамы:**

1. Абдығали Рашадин - Хирург
2. Балтабек Наталья - ЭКГ техник
3. Бижанова Роза - аға дәрігер
4. Бөлекбаева Роза - жүйке, тамыр ауруының дәрігері
5. Дюсалиева Бағила - тіс дәрігері
6. Елеусизова Рая - ЭКГ дәрігері
7. Исақұлов Қайрат,

- Бөлекбаева Роза - психиатр  
 8. Қабделова Гулбаршын - терапевт  
 9. Қадыралиева Айымгул - көз дәрігері  
 10. Қуандықов Алексей - рентгенолог  
 11. Мұханова Рая, Сахипова Хадиша - фтизиатр  
 12. Сугіралиева Халима - қан тобын айырушы  
 13. Төлегенова Нина - мұрын, құлақ, тамақ ауруларының дәрігері  
 14. Емші бике - 4(төрт) адам  
 Аудандық әкімияттың  
 2009 жылғы 27 сәуірдегі N 60  
 қаулысына 3-қосымша

**2009 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында әскер қатарына шақырылғандардың флюорография мен анализдер тапсыру кестесі**

| № | Селолық округтер | Өтетін күндері |          |          |                   |          |          |          |
|---|------------------|----------------|----------|----------|-------------------|----------|----------|----------|
|   |                  | 6.04.09        | 7.04.09  | 8.04.09  | 9.04.09           | 10.04.09 | 13.04.09 | 14.04.09 |
|   |                  | 12.08.09       | 18.08.09 | 19.08.09 | 20.08.09-21.08.09 |          | 24.08.09 | 25.08.09 |
| 1 | Аққыстау с/о     | х              |          |          |                   |          |          |          |
| 2 | Тұщықұдық с/о    |                | х        |          |                   |          |          |          |
| 3 | Новобогат        |                |          | х        |                   |          |          |          |
| 4 | Жанбай           |                |          |          | х                 |          |          |          |
| 5 | Нарын            |                |          |          |                   | х        |          |          |
| 6 | Забурын          |                |          |          |                   |          | х        |          |
| 7 | Исатай           |                |          |          |                   |          |          | х        |

Ескерту: Флюорографияға түсіру аудандық емханада.

Аудандық әкімияттың  
 2009 жылғы 27 сәуірдегі N 60  
 қаулысына 4-қосымша

**Медициналық комиссияның өту кестесі**

| N | Селолық округтер | Өтетін күндері |          |          |          |         |         |          |                                       |
|---|------------------|----------------|----------|----------|----------|---------|---------|----------|---------------------------------------|
|   |                  | 27.04.09       | 28.04.09 | 29.04.09 | 30.04.09 | 4.05.09 | 5.05.09 | 6.05.09  | Косымша күндер                        |
|   |                  | 2.09.09        | 3.09.09  | 4.09.09  | 7.09.09  | 8.09.09 | 9.09.09 | 10.09.09 |                                       |
| 1 | Аққыстау         |                |          |          |          |         |         | Х        | 13, 14, 20, 21.05.09.<br>27, 28.05.09 |
| 2 | Тұщықұдық        |                |          |          |          |         | Х       |          |                                       |

|   |           |   |   |   |   |   |  |  |                                 |
|---|-----------|---|---|---|---|---|--|--|---------------------------------|
| 3 | Новобогат |   |   |   |   | X |  |  | 11,15,16.09.                    |
| 4 | Жанбай    |   |   |   | X |   |  |  | 21,22,23.09.09.                 |
| 5 | Нарын     |   |   | X |   |   |  |  | 1,2,12,13,22,23.10.09.29,30,10. |
| 6 | Забурын   |   | X |   |   |   |  |  | .                               |
| 7 | Исатай    | x |   |   |   |   |  |  | 9,10,19,20,<br>26,27.11.09.     |

А у д а н д ы қ                      ә к і м и я т т ы ң  
2009                      ж ы л ғ ы                      27                      с ә у і р д е г і                      N                      60  
қаулысына 5-қосымша

### **Қорғаныс істері жөніндегі бөлімге мекемелер арқылы бөлінетін техникалық қызметкерлердің тізімі**

| № | Кәсіпорын, мекемелер атауы                                   | Саны | Бөліну күні                  |
|---|--|------|------------------------------|
| 1 | Жайықмұнай–газ өндіру басқармасы                             | 1    | 20.04.2009 ж. -30.06.2009 ж. |
| 2 | Аудандық білім бөлімі  | 1    | 20.04.2009 ж.- 30.06.2009 ж. |
| 3 | Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 2    | 20.04.2009 ж.- 30.06.2009 ж. |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК